

Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің қорытындысы бойынша аналитикалық есеп

I. Кіріспе бөлім

1. Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілген квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызмет саласының атауы: «Қазақстан Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметінің 2026 жылғы 2 тоқсанның қорытындысы бойынша.

2. Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді: Комплаенс-қызметінің Бас комплаенс-бақылаушысы Мұратова Зүлфия Әнуарқызымен, жұмыс телефоны 8 (7172) 95-56-56 (ішкі 183).

3. Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті өткізу кезеңі: 2026 жылғы 01 шілдеде басталды, 2026 жылғы 05 шілдеде аяқталды.

II. Ақпараттық-талдамалық бөлім

Тексерулер мен ревизиялар жүргізу

Тексерулер немесе аудит бақыланатын кезеңде Қоғамға қатысты мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілген жоқ.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы жүргізген жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын көрсету тиімділігіне мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 30-12-Н ұйғарым шеңберіндегі барлық ұсынымдар 2026 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде орындалғанын хабарлаймыз.

Сыбайлас жемқорлық көріністері немесе лауазымдық теріс пайдаланулар жағдайлары туралы өтініштер мен жарияланымдар

Есепті кезеңде Қоғамға жазбаша өтініштер, сондай-ақ senim@kazakhexport.kz сенім электрондық поштасына және 8 (7172) 55 44 70 «Senim» сенім телефонына жіберілген, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері, лауазымдық теріс пайдаланулар немесе алаяқтық әрекеттер туралы мәліметтерді қамтитын өтініштер келіп түскен жоқ.

Мерзімді баспасөз, теледидар және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ), сондай-ақ әлеуметтік желілерде Қоғамның және оның қызметкерлерінің қызметінде алаяқтық фактілері, сыбайлас жемқорлық көріністері немесе лауазымдық теріс пайдаланулар туралы мәліметтер қамтитын жарияланымдар болған жоқ.

Қоғам және оның қызметі туралы масс-медиадағы айтылулардың жалпы саны ағымдағы жылдың 2-тоқсанында 1 989 айтылуды құрады.

Оның ішінде: Қоғам туралы 1 492 айтылу оң сипатта болды;

497 бейтарап сипатта болды;

жағымсыз реңктегі жарияланымдар – жоқ.

Құқықтық статистика органдарынан, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардан алынған мәліметтер

В рамках проводимого мониторинга были изучены документы по претензионно-исковой работе, проводимой работниками Департаментов правового обеспечения и по страховым и гарантийным выплатам в течение второго квартала текущего года, официальные Интернет-ресурсы Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, Службы по противодействию коррупции Комитета национальной безопасности Республики Казахстан, Верховного Суда Республики Казахстан, Комитета Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан по специальному учету и правовой статистике, данные информационно-справочного сервиса «Компра».

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық істер қозғау фактілерін және қылмыстық жауапкершілікке тартуды анықтаған жоқ.

Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндіріс қозғау фактілері болған жоқ.

Қоғамның, оның қызметкерлерінің және лауазымды тұлғаларының қатысуымен қылмыстық істер және әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот талқылаулары жоқ.

Халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың, мысалы Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуразиялық Даму Банкі, Дүниежүзілік Банк, Transparency International (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және сыбайлас жемқорлық деңгейін зерттеу жөніндегі үкіметтік емес халықаралық ұйым), FATF (үкіметаралық ұйым – Ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі қаржылық шараларды әзірлеу тобы) интернет-ресурстарында Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністері немесе оның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру бойынша операцияларды жүзеге асыруы туралы ескертулер болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтау

Мониторинг барысында Басқарма мүшелері қатарындағы лауазымды тұлғалармен және Қоғам қызметкерлерімен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларында және Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтамау жағдайлары анықталған жоқ.

Белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттардың сақталмау фактілері анықталған жоқ: Қоғамда басқару функцияларын орындайтын тұлғаларда және Қоғам қызметкерлерінде Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан банктердегі шоттар мен салымдардың болуы, Қоғамның клиенттермен және қызметтер (тауарлар) жеткізушілерімен жасалатын мәмілелер жобаларын қарау кезінде жеке мүдделерді лоббилеу, Қоғамда жақын туыстар мен жекжаттардың бірлесіп жұмыс істеуі, жеке мақсаттарда пайдалануы және құпия мәліметтерді жария етуі туралы ескертулер мен мәліметтер анықталмады.

Қоғам штатына сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған тұлғаларды қызметкер ретінде жұмысқа қабылдау жағдайлары тіркелмеген, бұл Қазақстан Республикасы Бас

прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық органдарымен Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаментімен қалыптастырылған қызметкерлердің электрондық жеке істерінде берілген тиісті анықтамалардың болуымен расталады.

Мүдделер қақтығысының болуы және оны реттеу

Бақыланатын кезеңде Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ағымдағы жұмысында мүдделер қақтығысы туындау жағдайлары тіркелген жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу тетіктері туралы хабардарлығын арттыру, сондай-ақ адал ақпараттандыру мәдениетін қалыптастыру мақсатында 2026 жылғы 29 маусымда онлайн форматта «Сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық белгілері туралы ақпараттандыру және қарау тәртібі, сондай-ақ қорғауды қамтамасыз ету және қудалаудың болмауы кепілдіктері» тақырыбында оқыту өткізілді.

Оқыту шеңберінде қызметкерлердің назарына сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық белгілері туралы хабарлау тәртібін, келіп түскен хабарламаларды тіркеу, қарау және тексеру рәсімдерін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптары жеткізілді.

Құпиялылық кепілдіктеріне, ықтимал бұзушылықтар туралы адал хабарлаған адамдарды қорғауды қамтамасыз етуге, осындай ақпарат беруге байланысты қудалаудың немесе кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеуге, сондай-ақ көрінеу жалған хабарламалар үшін жауапкершілікке ерекше назар аударылды. Қызметкерлерге сондай-ақ Қоғамда жұмыс істейтін ықтимал бұзушылықтар туралы құпия хабарлау үшін арналар және оларды пайдалану тәртібі түсіндірілді.

Оқыту қорытындысы бойынша оқу материалын меңгеру деңгейін бағалау үшін қызметкерлерге тестілеу жүргізілді.

III. Қорытынды бөлім

Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының қызметінде бақыланатын кезеңде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының расталған жағдайлары тіркелген жоқ.

Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ағымдағы жұмысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар сақталды.

Комплаенс-қызметінің басшысы

А. Жакаева

Бас комплаенс-бақылаушы

З. Муратова